

**Мәртөк ауданы Қазан ауылы «Қазан жалпы негізгі білім беретін мектебі»
КММ 2023-2024 оқу жылына арналған 2 «Ә» сыныптың тәрбие жоспары
бойынша жылдық талдау есебі**

Сынып: 2 «Ә»

Сынып жетекшісі: Мадреймова Р.Д.

Мақсаты : Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеті : Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптастыру; Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін қалыптастыруға ықпал ету; Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына ықпал ету; Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейту; Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету; Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру.

Жұмыс түрлері: тәрбие сағаты, сынып сағаты, әңгіме.

1. Алдыға қойылған мақсаттарды орындау үшін оқу жылының басынан бастап сынып сағаттары мен тәрбие сағаттары, түрлі ашық іс-шаралар, әңгімелер жүргізілді. Мысалы: оқушылардың мектеп табалдырығын аттағаннан бастапқы танымдары артып, бірыңғай талаптардың орындалысы қалыптасты, сыныптастарымен басқа ұлт өкілдерінің балаларымен тату, үлкендерді көрсе сәлемдесе біледі.
2. Сынып белсенділері өздеріне міндеттелген жұмыстарын саналы түрде орындайды. Тәрбие жұмысын сынып болып, бірлесе атқарады. Сыныпта ауызбіршілік, бірлік, татулық сияқты қасиеттер орын алған.
3. Сынып жетекшінің басқаруымен (2-сынып болғандықтан) жұмыстар бірлесе атқарылады. Тапсырыстарды орындауға талпыныстары аңғарылды.
4. Сыныпта тәртібі жағынан қиын бала жоқ. Барлық оқушылар ата-анасымен, психологпен жұмыстар жүргізілуде.
5. Сынып оқушылары мектепшілік концерттерге әр түрлі мерекелерге, «Алтын күз» қатысу арқылы биге, әнге деген қабілеттерін жақсы көрсетті. Сынып төрайымы Қолоқанатова Дилфуза мектептегі мәнерлеп оқу сайыстарына қатысып, өзін жақсы жағынан көрсете білді.
6. Сынып ата-аналары ұйымшыл, жиналыстарға себепсіз келмейтін ата-ана жоқ.